КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 5 ақпан №5265-26-00-2/116 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.К.Кенжебаева оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "№1 Облыстық перинаталдық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер "NUR SHUAK" атынан Бекмуратова Гульжамал Есмакамбетовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226,267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,**сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "№1 Облыстық перинаталдық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер "NUR SHUAK" атынан Бекмуратова Гульжамал Есмакамбетовна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер "NUR SHUAK" атынан Бекмуратова Гульжамал Есмакамбетовнадан Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "№1 Облыстық перинаталдық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына тұрақсыздық сомасы 5 760 (бес мың жеті жүз алпыс) теңге және мемлекеттік баж 173 (бір жүз жетпіс үш) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Кенжебаева Ж. К., 06.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 13.03.2026, судья Кенжебаева Ж. К., 18.03.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер жеке кәсіпкер "NUR SHUAK" атынан Бекмуратова Гульжамал Есмакамбетовнадан мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішіндеШымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласыныңмамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

Судья **Ж.К.Кенжебаева**

Сот өндірісі
Судопроизводство
ҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

Құжатқа қол қойылған: Кенжебаева Ж. К., 06.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 13.03.2026, судья Кенжебаева Ж. К., 18.03.2026